

«КЕЛІСЕМІН»

«Жетісу облысының мәдениет,  
архивтер және құжаттама  
басқармасы» мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

К.С. Сүлейменов

2024 жыл

«БЕКІТЕМІН»

«Жетісу облысының мәдениет,  
архивтер және құжаттама  
басқармасы» ММ «Б.Римова  
атындағы Талдықорған драма  
театры» МКҚК басшысы

Е.Т. Жуасбек

2024 жыл

Қазақстанның Халық артисі, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, көрнекті театр және кино актрисасы Бикен Ырымқызы Римова атындағы «BIKEN»

## II-Халықаралық театр фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер.

Осы Ереже Қазақстанның Халық артисі, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, көрнекті театр және кино актрисасы Бикен Ырымқызы Римова атындағы «BIKEN» II-Халықаралық театр фестивалінің мақсаттарын, міндеттерін, шарттарын, қатысу шарттарын және өткізу тәртібін айқындайды. (бұдан әрі - Ереже).

### II. Фестиваль ұйымдастырушылары.

Фестивальді ұйымдастырушылар – Жетісу облысының әкімдігі, «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ «Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры» МКҚК.

### III. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері.

Фестивальдің мақсаты:

Театр ұжымдары арасындағы шығармашылық байланыстарды нығайту және халықаралық театр үдерісіне интеграциялау.

Қазақтың көрнекті театр және кино актрисасы Бикен Ырымқызы Римованы мәңгі есте қалдыру.

Эстетикалық деңгейді арттыру және кәсіби қарым-қатынас құру, серіктестік пен бірлескен шығармашылық жобалардың пайда болуына жағдай жасау.

Фестиваль аясында жас режиссерлердің, актерлердің, драматургтердің, суретшілердің жаңа буынын анықтау және қолдау.

Фестивальдің мақсаттары:

- театр режиссерлері мен актерлерінің шығармашылық байланысын қалыптастыру;
- театр режиссерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ету;
- театр ұжымдарының шығармашылық өсуіне ықпал ету;
- театр әлеміндегі жаңа есімдерді анықтау, шығармашылық тәжірибе алмасу;
- қазіргі театр үдерісіндегі негізгі тенденцияларды анықтау және театр өнерінің классикалық және заманауи мұралары арасындағы шығармашылық байланысты нығайту.
- театр өнерінің заманауи түрлерімен таныстыру және театр тәжірибесіне енгізу.
- орындаушылық мәдениетін арттыру, актерлік ойын принциптерін анықтау.

#### **IV. Фестивальді ұйымдастыру комитетінің міндеттері мен құқықтары:**

Фестивальді Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ «Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының» ұйымдастыру комитеті басқарады.

Ұйымдастыру комитеті іріктеу комиссиясы мен сыншылар алқасының мүшелерін бекітеді.

Ұйымдастыру комитеті өз қалауы бойынша шақырушы тараптың есебінен спектакльге қатысушыны, фестивальдің арнайы қонағын шақыруға құқылы (бару-қайту, жол жүру, тасымалдау, қонақ үйде тұру, тамақтану, ұйымдастырушылардың қалауы бойынша қаламақылар).

Ұйымдастыру комитеті фестиваль аясында қосымша іс-шаралар ұйымдастыруға құқылы.

Ұйымдастыру комитеті қажет болған жағдайда фестивальдің регламентіне, фестиваль бағдарламасына және қабылдау комиссиясының шешіміне өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгеріс енгізген жағдайда ол фестивальге қатысушыларды алдын ала хабардар етуге міндетті.

#### **V. Фестивальдің біліктілік-сарапшылық құрамы:**

Фестивальдің іріктеу комиссиясы алдын ала құрылып, фестивальге қатысу үшін қойылымдарды таңдайды. Іріктеу комиссиясының сарапшыларының құрамы (3 адамнан тұрады) жарияланбайды.

Ұйымдастыру комитеті спектакльдерге талдау жүргізетін және фестиваль қатысушыларымен кездесулер мен дөңгелек үстелдер жүргізетін 3-5 адамнан тұратын сыншылар алқасын тағайындайды. Оның құрамына Қазақстанның және

ТМД елдерінің көрнекті театр қайраткерлері, театр сыншылары, драматургтері, режиссерлері, актерлері кіреді.

Фестивальді ұйымдастырушылардың қаражаты есебінен сарапшылар мен қазылар алқасы мүшелерінің қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелері жүзеге асырылады (әуе жолы, қонақ үйде тұру, тамақтану, қаламақы).

#### **VI. Фестиваль қатысушыларын марапаттау**

Барлық театр ұжымдары сыншылар алқасы төрағасының және алқа мүшелерінің қолынан естелік сувенирлер мен қатысканы жайлы диплом алады.

#### **VII. Қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Фестивальге драма және музыкалық драма театрларының соңғы 3 жылда қойылған туындылары ғана қатыса алады.

Фестивальге қатысуға өтінімдер келесі нысан бойынша қабылданады: (№ 1 қосымша)

- 1) осы Қағидаларға, қосымшаға сәйкес жасалған өтініш;
- 2) спектакльге арналған жарнамалық материалдар (афиша, бағдарлама, аннотация, театр туралы ақпарат және Corel цифрлық форматындағы спектакльдің фотосуреттері, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар, спектакль туралы бір минуттық сапалы тизер);
- 3) ілеспе аударма үшін пьесаның қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне сөзбе-сөз аударылған мәтіні;
- 4) Қазақстандық театр ұжымдары үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі, шет елдік қатысушы театр ұжымдары үшін ағылшын тіліндегі баспасөз хабарламасы;
- 5) қойылымның толық бейнежазбасы мен фотосуреттері (бейнежазба сапасыз түсірілген жағдайда сарапшылар бейнежазбаны қараусыз қалдыруға құқылы);
- 6) фестивальдық қойылымдар билет арқылы жүзеге асырылады;
- 7) декорацияны өртке қарсы өңдеу әкiсi (өкiмi) болуы тиіс;
- 8) ұсынылған материалдар қайтарылмайды.

#### **VIII. Фестиваль қонақтары**

Фестиваль қонақтары ретінде:

а) «ТҮРКСОЙ» Түркі мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту жөніндегі халықаралық ұйымның өкілдері. Шақырушы тарап жол шығыны, жатын орны мен тамақты төлейді.

б) фестивальді ұйымдастырушылар шақырған ресми делегациялардың мүшелері, құрметті қонақтар және театр өнерінің жекелеген көрнекті қайраткерлері, оқытушылар. Бұл санаттың қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелері шақырушы тараптың есебінен (әуе жолы, қонақ үйде тұру, тамақтану, қаламақы). Қаламақыны төлеу фестиваль басшылығының қарауында қалады;

### **IX. Фестивальді өткізу тәртібі мен уақыты:**

Қатысушы театрлардың жол шығыны және декорацияны тасымалдау шығындары қатысушы тараптан жүргізіледі. Шақырушы тарап фестивальдің барлық күндерінде 20 адамға дейінгі театр ұжымының тұруы мен тамақтануын өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді (төлейді). Қатысушылар саны 20 адамнан асатын болса, онда қалған қатысушылардың қонақ үйде тұруы мен тамақтану шығындарын қатысушы тарап өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді. Қойылымнан кейін театр қатысушылары өз қалауы бойынша алдын ала кете алады. Театр қатысушылары фестивальге қатысу туралы растау хатында болу күндерінің нақты санын ұйымдастырушыларға хабарлауы қажет.

Қатысушыларды тіркеу ресми ашылудан бір күн бұрын басталады (жергілікті уақыт бойынша 12:00-ден бастап). Фестивальге қатысушылар фестиваль басталардан бір күн бұрын келіп, өз өнерлерін көрсетумен қатар, бүкіл фестиваль бағдарламасына қатысады. Қатысушылар фестивальдің соңғы күні кетеді.

Фестиваль 2024 жылдың 7 қазаны мен 11 қазаны аралығында өтеді.

Өтініштер мен спектакльдің фото-бейнематериалдары 1 қыркүйекке дейін қабылданады.

**Өтінімдерді қабылдау мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Талдықорған қаласы, Көктем шағын ауданы, 24.

**E-mail:** [biken.festival@mail.ru](mailto:biken.festival@mail.ru)

Ұйымдастыру комитеті театр ұжымдарына 2024 жылдың 7 қыркүйегіне дейін фестивальдің конкурстық бағдарламасына қатысу туралы хабарлайды.

**Фестиваль туралы қосымша ақпаратты келесі байланыс телефоны арқылы алуға болады:**

*Әдебиет бөлімінің меңгерушісі – Бақжанар Толқынбекқызы*  
8(775) 478 28 66

## Өтінім

1	Театрдың толық атауы, электрондық мекен-жайы, тел.	
2	Театр директорының және көркемдік жетекшісінің аты-жөні	
3	Фестивальдің ұйымдастырушы комитетімен байланысты жүзеге асыратын қызметкердің аты-жөні және телефон номері	
4	Қойылымның аты және авторы	
5	Қойылымның жанры	
6	Қойылымның режиссері	
7	Қойылымның суретшісі	
8	Қойылым музыкасының композиторы	
9	Қойылымның премьерасы болған күн	
10	Қойылымның ұзақтығы	
11	Қойылымға қатысатын жалпы адам саны	
12	- актерлер	
13	- техникалық қызметкерлер	
14	Декорацияларды монтаждау уақыты:	
15	Декорацияларды бөлшектеу уақыты:	
16	Қатысушылардың келетін күні, көлік түрі	
17	Қонақ үйге тіркелу үшін қатысушылардың төлқұжат мәліметтері бар тізім	